

- 3 <http://www.onestopenglish.com/skills/speaking/teaching-ideas/#.UH15EwNBPmE....>
- 4 http://esl.about.com/cs/teachingresources/a/bl_guilty.htm
- 5 <http://www.onestopenglish.com/teenagers/topic-based-materials/festivals/oct...>
- 6 <http://www.esl-galaxy.com/speaking.html>
- 7 <http://www.english-4kids.com/gamespkg1.html#.UH19XPRykXg.delicious>
- 8 <http://www.esl-lab.com/>
- 9 <http://www.real-english.com/reo/16/unit16.html>
- 10 <http://www.manythings.org/lar/>
- 11 <http://larryferlazzo.edublogs.org/2008/03/17/the-best-sites-to-practice-spe>
- 12 <http://www.edutopia.org/blog/esl-ell-tips-ferlazzo-sypnieski>
- 13 <http://iteslj.org/Techniques/Krajka-WritingUsingNet.html>
- 14 <http://www.microsoft.com/Education/en-us/teachers/plans/Pages/index.aspx>
- 15 <http://rubistar.4teachers.org/index.php?screen=NewRubric&module=Rubistar>
- 16 <http://www.swccd.edu/~asc/lrnglinks/ss&concentrate.html>
- 17 <http://questgarden.com/137/45/8/120202072613/index.htm>
- 18 <http://www.easytestmaker.com>
- 19 <http://www.eltextpert.com/complab/index.html>
- 20 <http://lessonplanspage.com>
- 21 <http://www.educationworld.com>
- 22 <http://office.microsoft.com/en-us/templates/?CTT=97>
- 23 http://www.uen.org/utahlink/tours/tourFames.cgi?tour_id=13326
- 24 <http://www.yourdictionary.com/languages/slavic.html>
- 25 <http://www.writing.engr.psu.edu/exercises/index.html>
- 26 <http://cgi.stanford.edu/~dept-ctl/cgi-bin/tomprof/postings.php>
- 27 <http://www.respondus.com/products/respondus/index.shtml>
- 28 http://www.cambridge.org/other_files/downloads/esl/booklets/Gilbert-Teachin...
- 29 <http://teflbootcamp.com/teaching-skills/teaching-efl-pronunciation/>

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІ ИГЕРУДЕ КӨПТІЛДІЛІКТІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Нұрахметова А.Б., Қараулова Қ.М.,

М. Қозыбаев атындағы №23 орта мектебі, Қостанай қ., Қазақстан

Елбасы өзінің жолдауында «біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақстандықтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш жігерімізді жұмсауымыз керек» деген болатын. Мемлекеттік тіл саясаты біздің елімізде мемлекеттегі тілдік ахуалды, тіл құрылысын қалыптастыру мен дамытудың негізгі факторы және ұлтаралық қарым-қатынас пен қоғамдық келісімді реттеудің бір тетігі, елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси реформалардың құрамдас бөлшегі екендігі талас тудырмайды. Тіл саясатын тегеуірінді жүргізу үшін барлық құқықтық негіздер қалыптасты.

Жеке тұлғаның өзін-өзі тану, шығармашылықпен ойлау, рухани дамуына, діниұстанымына елемей өзге ұлт өкіліне мейірбандылықпен қарау, мәдени сұхбатқа дайын болу, яғни өзінің белгілі-бір мәдениетке тиісті екенін сезіну, сол өмірді таңдау және іске асыру.

Сондықтан республикамыздағы білім беру жүйесі екітілді білім беру жүйесімен сипатталады, ол өз ретінде көптілділікке айналады.

Қазіргі заманға сай білім беру жүйесінің тілдік мақсаты мынаны ұстанады:

көптілділік пен этномәдениеттілік;

әр тілді және мәдениетті топтардың өзара түсінісуі мен үндесуі;

оқушылардың өзге тілді жеткілікті деңгейде игеруі және халықаралық деңгейде оқушының кәсіптік мүмкіндігін жоғарлату.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Өркендеу, қауіпсіздігі және барлық қазақстандықтардың әл-ауқатын көтеру» атты Қазақстан халқына жолдауында жас буынға, оның біліміне

және өмір салтына аса назар аударылған. Қоғамға бірнеше тілді игерген өз кәсібін жақсы білетін сауатты ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманға бейімді, идеялар ұсынып және жүзеге асыра білетін мамандар қажет. Тұлғаның жан-жақты дамуын және жас буынның көп тілді игеру деңгейін қамтамасыз ететін әлеуметтік институт – ол нақты білім беру жүйесі.

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өскелең өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен Шоқан Уәлиханов айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға – әрбір ұстаз міндетті. Елбасы жүргізіп отырған парасатты саясаттың арқасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі де елімен бірге өзінің қайта өрлеуінің әрбір күні ғасыр жүгін арқалаған ауыр болса да – абыройлы, күрделі кезеңін жүріп өтті. Ендігі мақсат тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын өз Отанының мемлекеттігінің кепілі – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру болмақ.

Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап – сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интелектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білім де, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын. «Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі тәжірибелер еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

«Тіл дамыту дегеніміз – тілдік норманың жетілу, ширау, даму дәрежесі» – деп түсіндіреді тіл ғылымдарының ғалымы М. Балақаев. Тілдік норманы жетілу үшін оқушының ауызекі сөйлеу тілін, жазба тілін дамытқан жөн. Осы мақсатпен тіл дамыту сабақтарында оқушыларға белгілі тақырып аясында ауызша мәтіндер құрастыруға, оқығандарын мазмұндап, көркемдеп баяндауға, әңгімелеуге үйретемін. Сөйлеу арқылы ауызша тіл дамыса, еркін тақырыпқа жазылған мақала, эссе, ойтолғау, әңгіме, мазмұндама, шағын шығарма жазу арқылы жазба тілді дамытуға болады.

Тіл дамыту сабақтарына қойылатын талаптар:

- қоршаған ортада көргендерін әңгімелеп, өмірмен байланыстыру;
- оқыған әңгіме, ертегі, тақпақтарды өз сөзімен және әдеби тілде айта білу;
- белсенді сөздік қорына енген сөздерді қажетіне қарай күнделікті іс-әрекетке пайдалана білу,
- жаңадан меңгерген сөздерді белсенді сөздік қорына енгізу;
- сурет сериалары бойынша өз шығармашылығымен әңгіме құрастыра білу;
- монологты және диалогты сөйлеудің екі түрін пайдаланып, оқылған шығарманы баяндау;
- оқылған шығарма, ертегі, көрген мультфильмдегі басты кейіпкерлерді ажыратып, олар туралы өздігінен қорытынды жасау;
- тіл дамытуда мимика, ыммен сөйлесу, ымдап сөйлегенді түсіну,
- тілдегі дыбыстарды анық, таза, дұрыс айтып, бір бірінен ажырата білуі.
- сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін білуі.

Сабақта ауызекі сөйлеу тілін дамыту барысында оқушыларды қазақ елінің салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, мәдениетімен таныстыру олардың жан-жақты дамуына, тілге деген көзқарастарын қалыптастыруға көп көмегін тигізеді. Тіл дамыту сабағын оқыту арқылы оқушыларды интернационализм рухына, ұлттық патриотизмге тәрбиелеуге жол ашады. Олар өз ұлтын сүйуге, өзге ұлттарды сыйлауға үйренеді.

Тілді үйрену әуелі тілдік білім беру мен білімді тәжірибеде дұрыс қолдана білу сатысынан тұрады. Сондықтан жаттығулар екіге бөлінеді:

- тілдік жаттығулар;
- сөйлеу жаттығулары.

Тілдік жаттығулар меңгерген тілдік материалды керек кезінде айтылатын ойға байланысты оқушының орынды қолдана алуын көздейді. Сөйлеу жаттығулары қарым – қатынас жасауға бағытталады. Сөйлеу жаттығуларына диалог құру да жатады. Сөйлеу дағдыларын дамыту жолдарында грамматикалық ережелерді меңгеріп, оларды түсініп, дұрыс қолдана білудің маңызы өте зор. Дамыту мақсатында сурет бойынша сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыру, әңгімелеу жұмыстарын жүргіземіз.

Мәтінмен жұмыс істей отырып жаңа сөздермен таныстырып, ойын дұрыс айтуға, сұрақ қоя білуге, берілген сұрақты түсініп, нақты жауап бере алуға үйретеміз. Мәтінде кездесетін таныс сөздермен, сөз тіркестерімен және меңгерілген жаңа сөздермен сөйлем құрастыруға, әңгімелей білуге дағдыландырамыз.

Ауызекі тілде сөйлеуге үйрету қиын да қызық жұмыс. Сол қиындықтарды жеңілдету үшін өз тәжірибемізде әр түрлі әдістерді дамытуға тырысамыз.

Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің міндеті – сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану. Осыған орай біз өз сабақтарымызда күнделікті қолданатын әдістердің бірнешеуіне тоқталайық.

Түсіндіру әдісі – жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады.

Сұрақ–жауап әдісі – балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Өте тиімді әдіс. Жас ерекшелігіне байланысты оқушыларға тақырыпқа байланысты сауалдар қойып, жауап аламыз.

Баяндау әдісі – тіл дамыту сабақтарында қолдануға өте тиімді. Тірек – сызбалар бойынша оқушылар ақын – жазушылардың кім екенін, шығармашылығы жайлы толық мәлімет бере алады.

Сұхбаттасу әдісі арқылы екі оқушы бір-бірімен тақырыпқа байланысты әңгімелеседі.

Монолог әдісі бойынша оқушылар тірек-сызбаға сүйене отырып, берілген тақырыпқа әңгіме құрастырып, өз ойын жеткізе біледі.

Аударма әдісі бойынша тірек-сызбаның көмегімен әңгіменің мазмұнын аударарды.

Тірек-сызбалар арқылы оқушылар кез келген тақырыпқа әңгіме құрастырып, өз ойларын оңай жеткізеді, ауызша тілді дамытады, сөздік қорын молайтады, ауызекі тілде сөйлеуге дағдыланады. Тірек-сызбалардың тағы бір тиімділігі – сабақтың сапасын арттырады, оқушылардың белсенділігін, ойлау және еске сақтау қабілеттерін дамытып, қазақ тілін оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттырады.

Практикалық әдіске ойнау элементтері бойынша тіл үйрену кіреді. Дидактикалық ойындар оқушылардың білімін бекітіп, сөздік қорын молайтады, сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға, қажетті сөздерді дұрыс тауып қоюға, кішігірім әңгіме айтуға жаттығады. Балалар ойынның тәртібін білмейтін балаға үйретеді, түсіндіреді.

Интерактивтік әдіс – жеке индивидтердің, топтың, жұптың, өзара біріккен әрекетке бір-біріне алма-кезек әсер етуі. Бұл әдіс әсіресе, сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бірігіп жұмыс істеуге үйретеді. Олардың ізденуін, шығармашылықпен әрекет етуін қамтамасыз етеді. Бұл әдіс кезінде оқушылардың істі ұйымдастыра білу қабілеттері де көрінеді.

Тілдерді бір белгілі қызмет саласында пайдалану тілдің қолданылу аясы болып табылады. Мелекеттік тіл білім беру және мемлекеттік басқару салаларында толығымен қолданылады.

Мемлекеттік тілдің дәрежесі мен деңгейі оның пайдалануы және қолдануымен анықталады. Қазіргі кезде қалыптасқан тіл жағдайы қазақ пен орыс тілдерінің қатар өмір сүре алатындығын куәлайды. Бірақ әр түрлі қарым-қатынаста орыс тілі доминантты болып табылады.

Оқушылар арасында оқу тіліне байланысты бұқаралық ақпарат құралдарына және әдебиетке қатысты келесі көрсеткіштер айқындалған:

	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Кітап оқиды	15	64	12
Газет-журнал оқиды	18	79	17
Теледидар көреді	40	80	5

«Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай жобаларды, шығармашылық жұмыстарды орындатып отырсақ оқытушының ұтары мол деп ойлаймыз. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл жұмыстарды жүргізудің тиімді тұстары:

оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;

танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;

этномәдениеттік тәрбие береді;

оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;

оқытушының уақытын үнемдейді;

қосымша мәліметтер береді.

Мұғалім үшін тиімділік тұстары:

барлық баланы оқыту;

оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;

білім берудің формасын оңтайландыру міндеттерін атқару;

оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену.

«Жеті тілді білсең – жеті өнерге үйренесің» деген қазақтың мақалы бар. Қазіргі кезеңде мемлекеттік тілді үйрену қазіргі өмір талабы мен уақыт әсерінен туындаған өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухта оятуға қызмет етеді, әрі ата-баба алдындағы ұлы парызымыз».

Қазақстанда бірнеше ұлт өкілдері тұрады. Ал олар Қазақстанның халқын, соның ішінде әр халықтың тұрмыс әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін білуі тиіс.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет.

Қоршаған орта тіл үйренуге көп ықпал етеді. Тіл үйренуге оқушыны тарта білу, қызықтыра білу – ол ұстаз шеберлігіне байланысты.

«Тілдер дамыту мен қолдану» бағдарламасын іске асыру бойынша келесі іс-шаралар өткізілді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге басқа ұлт өкілдері арасында өткізілетін іс-шаралардың ықпалы зор. Мектепте айдың соңғы сәрсенбесінде бастауыш сынып оқушыларымен «Көркемсөз оқу сайысы», «Әнші балапан», «Ертегілер елінде», «Жүзден жүйрік», «Наурыз-думан» атты іс-шаралар өтті.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін ұштау барысында шығармашылық жұмыстар орындалып отырады. Мысалы: «Менің отбасым», «Ұлттық киімдер», «Ұлттық тағамдар», «Ұлттық салт-дәстүрлер», «Ұлттық ойындар», «Шығармашылық жұмыстар», «Мақал-мәтелдер кітапшалары» жинақталған. Бұл жұмыстарды орындау барысында оқушылар Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің мәдениеті мен тілі туралы мағлұмат алады.

Бірізділікпен жұмыс істеу барысында оқушының ілгерлеуін байқауға болады. Егер баланың ынтасы дамып, мұғалімнің күшімен емес, өз еркімен тіл үйренуге күштарлығы артып жатса нұр үстіне нұр.

Ондай оқушылар аз емес. Мектепішілік, қалалық жарыстарда жүлделі орын алған шәкірттер де баршылық. Өзім жұмыс істеген төртінші сынып оқушысы Хомутов Валерий, мектепішілік олимпиадада бірінші, ал облыстық «Тіл шамшырақтары» атты сайыста үшінші орынға, Набиева Айтач екінші орынға ие болды. Төрт жыл оқыса да, олардың қазақ тілін біл-

сем, игерсем деген ынталары күшті. Осындай талабы бар балаларға мемлекеттік тілді үйрету, оқыту – әрбір ұстаздың басты парызына айналуы ләзім.

Қорыта айтқанда, ұстаздық атын жоғары ұстап, ұрпақ тағдырына жауапкершілікпен қарап, өзімді сол ұстаздықтың биік шыңынан көргіміз келеді. Осы орайда ұлы ойшыл, данышпан ақынымыз Абай Құнанбаевтың мына бір сөзі ойға оралады.

Болмасаңда ұқсап бақ

Бір ғалымды көрсеніз,

Ондай болмақ қайда деп

Айтпа ғылым сүйсеніз, – десе ұстаздың – ұстазы болуға тырысып бағындар дегені секілді.

Қасиетті тіліміздің мәртебесін асқақтату мен бірге, ұстаз еңбегі – әрқашан ұлы еңбек, ардақтай да, аялай білейік.

Тіліміздің мәртебесі – еліміздің мәртебесі, сондықтан сауатты, мемлекеттік тілді жетік білетін азамат тәрбиелеу – тілі мамандарының негізгі міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ахметов Ж. Балаларды мәдениеттілікке тәрбиелеу жолдары / Қазақстан мұғалімі. 18 ақпан 1994.

2 Шахнарович А.М. Қостілділік: тіл, мәдениет және тұлға // көпұлтты қоғамда тілдің әлеуметтік жағдайы. – М.: Ғылым, 1991. – 252–259 б.

3 Қазақстан Республикасы. ТОО «Аруна Ltd», 2002.

4 Баишев Ж. ҚР Конституциялық құқығы. – Алматы: «Жеті жарғы», 2001.

5 Көпмәдениетті білім беру ортасының этнопедагогикалық тәрбие потенциалы (мақалалар жинағы). – Қостанай, 2002.

L'ETUDE DE LA POSSIBILITE DE LA REALISATION DU PROGRAMME DE LA MOBILITE ACADEMIQUE DES ETUDIANTS DU KAZAKHSTAN, COMME L'ELEMENT DE L'INTEGRATION A L'ESPACE EUROPEEN D'INSTRUCTION, A L'EXEMPLE DU CAS PARTICULIER

Ogienko N. et Smorchkov V.

L'Institut pédagogique d'État de Kostanay

Les principes de base des relations kazakh-françaises étaient mis encore en 1992 et ils se développent dynamiquement maintenant. C'est ce que confirme par la signature de la Déclaration du partenariat stratégique entre le Kazakhstan et la France à 2008, des relations interparlementaires, de la présence des projets importants mutuellement avantageux d'économiques dans la sphère de l'électronucléaire, de la branche de gaz et de pétrole, de minière, de la branche aérospatiale. Il est indicatif que 2013 déclaré l'Année de la Culture de la France au Kazakhstan, 2014 déclarée Année de la Culture du Kazakhstan en France, qu'approuvé par les présidents de la France et le Kazakhstan.

Le partenariat stratégique se répand non seulement dans le cadre de la coopération commerciale et économique, mais il accordée beaucoup d'attention aux aspects culturelles et humanitaires des relations bilatérales, et aussi dans le domaine de la science et l'enseignement supérieur. En témoigne l'ouverture au Kazakhstan des représentations de l'agence de culture et de formation «l'alliance française» dans les villes d'Almaty, Astana, Karagandy, Kostanay, Shymkent. À ces centres non seulement on organise les cours de la langue française, mais les examens pour les diplômés officiels français, on travaille les départements de l'information de l'enseignement supérieur, on passe les fêtes internationaux de la "Francophonie", avec la montre des films français, la tenue des concerts et des concours. La coopération Kazakh-française dans le domaine culturel, les formations et les sciences se développe conformément à l'accord Intergouvernemental dans le do-